

Астана қаласында салынып жатқан технологиялық күрделі объектілер бойынша мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1745. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен.

Астана қаласында құрылыс салу жөніндегі ерекше күрделі жоғары технологиялық объектілердің уақытылы орындалуын және пайдалануға енгізілуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында салынып жатқан технологиялық күрделі объектілер бойынша мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 28 желтоқсандағы

N 745 қаулысымен

бекітілген

Астана қаласында салынып жатқан технологиялық күрделі объектілер бойынша мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру ережесі

1. Осы Ереже республикалық бюджеттен алынатын ресми трансферттерді қоса алғанда, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, Астана қаласында технологиялық күрделі объектілерді салуға (бұдан әрі - күрделі объектілерді салуға арналған мемлекеттік тапсырыс) арналған импорттық өндіріс материалдары және (немесе) жабдықтары үшін алдын ала төлеудің негізгі шарттары мен ерекше тәртібін реттейді.

2. Астана қаласының Қаржы департаменті (бұдан әрі - Қаржы департаменті) Астана қаласының Қазынашылық басқармасына (бұдан әрі - Қазынашылық басқармасы) Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітетін импорттық өндіріс материалдары мен жабдықтарын қолдана отырып, Астана қаласында салынып жатқан технологиялық күрделі объектілердің тізбесін ұсынады.

3. Күрделі объектілерді салуға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру және іске асыру "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қарашадағы N 1675 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру ережесіне (бұдан әрі - Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру ережесі) сәйкес, оның ішінде тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық сметалық тағайындаулардың 30 пайызы шегінде жұмыстарды авансылау бөлігінде де жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру ережесінде көрсетілген шарттардан басқа, күрделі объектілерді салуға мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шарт мыналарды:

1) импорттық өндіріс материалдары және (немесе) жабдықтары қолданылатын жұмыстардың түрін;

2) алдын ала төлеу сомасына банктік кепілдік түрінде импорттық өндіріс материалдары және (немесе) жабдықтары үшін банк кепілдігімен міндетті түрде беру туралы тармақтың болуын;

3) импорттық өндіріс материалдары және (немесе) жабдықтары үшін алдын ала төлеу шарттарын;

4) Қазынашылық басқармасына белгіленген мерзімдерде импорттық өндіріс материалдары және (немесе) жабдықтары алынғанын растайтын құжаттарды (қабылдау комиссиясының актісін, жүкқұжаттарды, Орындаушы мен шетелдік берушілер арасындағы импорттық өндіріс материалдарын және (немесе) жабдықтарын беру шарттарын (бұдан әрі - Орындаушы мен берушілер арасындағы беру шартын) ұсыну қағидасын қамтуы тиіс.

5. Қазынашылық басқармасы күрделі объектілерді салуға арналған шарттарды (келісім-шарттарды) тіркеу кезінде негізгі шарттардың, сондай-ақ осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген шарттардың болуын тексереді.

6. Күрделі объектілерді салу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған шартта (келісім-шартта) көрсетілген, ұсынылатын құжаттардың шынайылығы үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы жауап береді.

7. Қаржы департаментінің жауапты орындаушысы импорттық өндіріс материалдары және (немесе) жабдықтары үшін алдын ала төлеу бойынша жеке есеп жүргізеді.

8. Қазынашылық басқармасына Тапсырыс берушінің бюджеттік шотынан күрделі объектілерді салуға арналған мемлекеттік тапсырысты Орындаушының есеп айырысу шотына алдын ала төлеуді аудару үшін банктік кепілдіктің, Орындаушы мен берушілер арасындағы беру шарттарының, сондай-ақ шот-фактураның болуы қосымша негіз болып табылады.

Бұл ретте алдын ала төлеу мөлшері тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама бойынша жергілікті бюджетте көзделген жылдық соманың шегінде Орындаушы мен берушілер арасындағы беру шарттарына сәйкес анықталады.

9. Қазынашылық басқармаларына банктік кепілдікті, Орындаушы мен шетелдік берушілер арасындағы беру шарттарын және шот-фактураны Тапсырыс беруші ұсынады.

10. Орындаушы мен берушілер арасындағы беру шартында көрсетілген, импорттық өндіріс материалдарының және (немесе) жабдықтарының түсу мерзімі басталғанға дейін орындалған жұмыстардың актілеріне ақы төлеу кезінде берілген алдын ала төлеу сомасын ұстау жүргізілмейді.

11. Орындаушы мен берушілер арасындағы беру шартында көрсетілген импорттық өндіріс материалдарын және (немесе) жабдықтарын беру мерзімі басталған кезде төлеу үшін ұсынылатын орындалған жұмыстардың актілерінде Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру ережесінде көзделген шарттармен қатар, оларды сатып алу үшін Орындаушыға бұрын бөлінген алдын ала төлеу сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте, орындалған жұмыстардың актісіне импорттық өндірісі материалдары және (немесе) жабдықтары алынғанын растайтын құжаттар (қабылдау комиссиясының актісі, жүкқұжаттар) қоса беріледі.

12. Егер он банктік күн ішінде осы құжаттар тапсырылмаса, Қазынашылық басқармасы банктік кепілдік бойынша банк міндеттемелерді орындағанға дейін төлемдер жүргізуді тоқтатады. Банктік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан алынған ақша Астана қаласының жергілікті бюджетіне түседі.

13. Тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырыс туралы ереже жұмыстардың, материалдардың, жабдықтардың түрлерін қамтуы тиіс.